ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 2 қазан №1513-23-00-2/2308-іс Ақтөбе қаласы

Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында
төрағалық етуші судья Р.Б.Кустанов,
сот отырысының хатшысы А.М.Баекенова отырып,
алдын ала сот отырысында қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Қараой ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Qaisar QazStroy» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2. тұрақсыздық айыбын өндіру

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшы өкілі М.Б.Бактыбаев

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

«Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Қараой ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-нің (бұдан әрі-талап қоюшы, тапсырыс беруші) мен «Qaisar QazStroy» ЖШС-нің (бұдан әрі - жауапкер, орындаушы) арасында ашық конкурс тәсілі негізінде 2023 жылдың 25 шілдеде №40 мемлекеттік сатып алу туралы шарт (бұдан әрі - Шарт) жасақталған.

Шарттың №1-қосымшасына сәйкес, орындаушы жалпы сомасы 7 840 000 теңгеге Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Қараой ауылында шағын футбол алаңын жасақтау жұмыстарын шартқа қол қойғаннан кейін 30 күнтізбелік күн ішінде, яғни 24 тамызға дейін орындауға міндеттелген.

Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасы жауапкермен 2023 жылғы 7 тамызда енгізілген.

Шарт біржақты 2023 жылдың 29 қыркүйегінде бұзылған.

Талап қоюшы сотқа талап қою арызбен жүгініп, онда жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тануды және 47 040 теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбын өндіруді сұраған. Мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша жауапкер міндеттерін орындамағандығын көрсеткен.

Жауапкерден талап қоюға қарсы пікір түскен жоқ.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі талап қоюда келтірген уәждерін қолдап, шартты біржақты бұзғанын айтып, талап қоюды қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісінше хабарланғанымен жауапкер атынан өкіл сот отырысына қатысқан жоқ, істі өзінің қатысуынсыз қарау туралы сотқа арызданбаған.

Істі негізінен қарау үшін дәлелдемелер жеткілікті болғандықтан, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 196-бабының (әрі қарай - АПК) талаптарын басшылыққа алып, сот істі жауапкердің қатысуынсыз қарауды ұйғарды.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

№1 талап бойынша.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (әрі қарай - АК) 272, 277 баптарына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және уақытылы орындалуға тиіс.

Егер міндеттемеде ол орындалатын күн немесе ол орындалуға тиісті уақыт кезеңі көзделсе немесе анықтауға мүмкіндік берсе, міндеттеме сол күні немесе тиісінше сол кезең ішінде кез келген уақытта орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (әрі қарай - Заң) 12-бабының 4-тармағы 3-тармақшасында мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі: мемлекеттік сатып алу туралы өздерімен жасасқан шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған не тиісті дәрежеде орындамаған өнім берушілердің тізбесі болып табылады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 3)-тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуметті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшы тарапынан отыз күнтізбелік күн ішінде сотқа жүгіну мерзімі сақталған.

Құжатқа қол қойылған: Кустанов Р. Б., 06.10.2023
Заңды күшіне енген күні: 13.11.2023, судья Кустанов Р. Б., 24.11.2023
1513-23-3-1/2640

Жауапкердің шарттық міндетеммені орындамағаны жөнінде талап қоюшыға 2023 жылғы 25 тамызда белгілі болған.

Сотта анықталғандай, жауапкер өзіне мемлекеттік сатып алу туралы келісім шарт бойынша жүктелген міндеттемені орындамаған.

Бұл тұрғыда, сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағаттандырылуға жатады деп санайды.

№2 талап бойынша.

АК-нің 293-бабына сәйкес борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Шарттың 7.3 тармағына сәйкес, жұмыстарды орындау мерзімін өткізіп алған жағдайда Тапсырыс беруші Мердігер міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда Мердігерден мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімақы) ұстапқалады (өндіріп алады) немесе міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда орындалмаған міндеттемелер сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімақы) ұстап қалады (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімақының) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 % артық болмауы тиіс.

Талап қоюшының есебі бойынша шарттың орындалмаған жұмыстары үшін тұрақсыздық айыбы 2023 жылдың 25 тамыз айынын 31 тамыз күндері аралығына 6 күнге (7 840 000*0,1%*6) 47 040 теңгені құрайды.

Сот талап қоюшының есебі дұрыс және жауапкерден мемлекет пайдасына 47 040 теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы өндірілуге жатады деп санайды.

АПК-нің 117-бабына сәйкес жауапкерден жергілікті бюджетке 1 411 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж салығы өндірілуге жатады

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 223-226, 229-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Қараой ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Құжатқа қол қойылған: Кустанов Р. Б., 06.10.2023
Заңды күшіне енген күні: 13.11.2023, судья Кустанов Р. Б., 24.11.2023
1513-23-3-1/2640

«Qaisar QazStroy» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Qaisar QazStroy» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 1 411 (бір мың төрт жүз он бір) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы өндірілсін.

«Qaisar QazStroy» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен жергілікті бюджетке 3 136 (үш мың жүз отыз алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Шешімге бір ай ішінде Ақтөбе облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап шығарған сот арқылы апелляциялық шағым немесе прокурор өтінішхат берілуі мүмкін.

Судья Р.Б.Кустанов

Құжатқа қол қойылған: Кустанов Р. Б., 06.10.2023

Заңды күшіне енген күні: 13.11.2023, судья Кустанов Р. Б., 24.11.2023

1513-23-3-1/2640